

"Құнарлылық" мемлекеттік акционерлік компаниясын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 30 желтоқсан N 1898

Реформаларды жеделдету және дағдарыстан шығу жөніндегі Үкіметтің іс-қимылдары бағдарламасына сәйкес нарық қатынастарын қалыптастыру, бәсекені дамыту және жекешелендіру процестерін тереңдету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

"Құнарлылық" мемлекеттік акционерлік компаниясының "Агрохимсервис" және "Жасыл желектерді қорғау" акционерлік қоғамынан басқа акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акциялар пакеттерін, сондай-ақ "Құнарлылық" мемлекеттік акционерлік компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 9 қыркүйектегі N 859 қаулысына сәйкес оған берілген мемлекеттік мүлікті иелену, пайдалану және басқару құқықтарын тоқтатсын;

"Агрохимсервис" және "Жасыл желектерді қорғау" акционерлік қоғамдары Қазақстан Республикасы Үкіметінің айрықша өкімі шығарылғанға дейін жекешелендіруге жатпайды деп белгіленсін;

"Құнарлылық" акционерлік компаниясымен "Агрохимсервис" және "Жасыл желектерді қорғау" акционерлік қоғамдарының мемлекеттік акциялар пакеттерін басқаруға шарт жасассын.

2. Қазақстан Республикасы Жекешелендіру жөніндегі комитеті осы компанияның құрамына кірген акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акциялар пакеттерін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес сатсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп, "Құнарлылық" мемлекеттік акционерлік компаниясының құқықтары мен міндеттемелері жөнінде құқықтық

мұрагерлерін айқындасын.

4. "Құнарлылық" мемлекеттік акционерлік компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 9 қыркүйектегі N 859 (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 37, 429-бап) қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК